ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО
КУЛЬТУРЫ И СПОРТА
РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

18 сентября 2019 года
Нұр-Сұлтан қаласы

№ 256
город Нур-Султан

**О проведении конкурса на программно-целевое финансирование по научным, научно-техническим программам на 2020-2022 годы**

В соответствии с пунктом 55 Правил базового, грантового, программно-целевого финансирования научной и (или) научно-технической деятельности, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 25 мая 2011 года № 575 и на основании Протокола заседания Высшей научно-технической комиссии при Правительстве Республики Казахстан от 14 августа 2019 года, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Объявить конкурс на программно-целевое финансирование по научным, научно-техническим программам на 2020-2022 годы.
2. Утвердить прилагаемую Конкурсную документацию на программно-целевое финансирование по научным, научно-техническим программам на 2020-2022 годы.
3. Департаменту по делам культуры и искусства Министерства культуры и спорта Республики Казахстан (К. Сеитова) принять меры по обеспечению опубликования в периодических печатных изданиях, размещения на интернет-ресурсах Министерства документацию о конкурсе на программно-целевое финансирование по научным, научно-техническим программам на 2020-2022 годы.
4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на курирующего вице-министра культуры и спорта Республики Казахстан.
5. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

**Министр** **А. Раимкулова**

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 150540018634
ҚАЗАҚСТАН

015137

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және спорт министрінің
2019 жылғы «18» қыркүйек
№256 бұйрығына қосымша

**2020-2022 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған конкурстық құжаттама**

## 1. Жалпы ережелер
**2.**

1. 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға арналған осы конкурстық құжаттама (бұдан әрі – Конкурстық құжаттама) Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңының нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігімен әзірленді.

2. Ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша конкурс (бұдан әрі – Конкурс) 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңын, Қазақстан Республикасы «Мәдениет туралы» Заңын, Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларын, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің стратегиялық жоспарын жүзеге асыруға бағытталған.

3. Зерттеулердің түрі – қолданбалы ғылыми және археологиялық зерттеулер.

4. Қаржыландыру көлемі: 2020-2022 жылдарға – 1 350,0 млн. теңгені құрайды, оның ішінде 2020 жылға – 450 млн.теңге, 2021 жылға – 450 млн.теңге, 2022 жылға – 450 млн. теңге.

## 2. Басым және мамандандырылған ғылыми бағыттардың атаулары

Кесте

| Басым бағыттар | Мамандандырылған ғылыми бағыттар |
|---|---|
| **5. «Мәңгілік Ел» ғылыми негіздері** | **1.1. Мәдениет саласындағы қолданбалы зерттеулер** |
| | 1.1.1 Мәдениет, тарихи-мәдени мұра саласындағы археологиялық және қолданбалы зерттеулер |
| | **1.2 Рухани жаңғыру мәселелерін қолданбалы зерттеу:** |
| | 5.3.3 Қазақстанның рухани киелі жерлері. Қазақстанның қасиетті географиясы. |

## 3. Конкурсқа қатысу өтінімінің мазмұны мен үлгісіне қойылатын талаптар
**4.**

5. Конкурсқа қатысу өтінімдері осы Конкурстық құжаттаманың 1-қосымшасының талаптарына сай болуы тиіс және осы Конкурстық құжаттаманың 2-қосымшасында көрсетілген үлгіге сәйкес жасалады. Ілеспе хат, өтінім бағдарламасының қысқаша сипаттамасы және өтініш осы Конкурстық құжаттаманың 3, 4-қосымшаларына сәйкес үлгілер бойынша жасалады.

6. Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада (дискіде), екі данада, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне қолма-қол немесе алу туралы хабарландырумен курьерлік пошта арқылы мына мекенжай бойынша беріледі: Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 15-кіреберіс, 531-кабинет.

7. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу қағидасының 10-тармағының талаптарына сәйкес өтінімдерде жеке тіркеу нөмірі (бұдан әрі - ЖТН) болуы қажет.